

С НАЧАЛА ГОДА КОЛИЧЕСТВО НАРУШЕНИЙ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ НА СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» СНИЗИЛОСЬ НА 8%. НЕСМОТРЯ НА ПОЗИТИВНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ, РЯД ВОПРОСОВ ТРЕБУЕТ ОСОБОГО ВНИМАНИЯ. РИСКИ В ЭТОЙ СФЕРЕ СВЯЗАНЫ С НАРУШЕНИЕМ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ, С ЭКСПЛУАТАЦИЕЙ ТЕХНИЧЕСКИХ СРЕДСТВ И ПОДВИЖНОГО СОСТАВА, БЕЗОПАСНОСТЬЮ НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕЕЗДАХ.

Канат АЛЪМАГАМБЕТОВ,
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ»



№22 (2737)
29/03/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



Вагонжасау өндірісі: ҚАЗАҚСТАНҒА «STADLER» КЕЛЕДІ

Елорда іргесіндегі индустриалдық паркте орналасқан «Тұлпар» зауытынан шыққан, көпшілікке тальго деген атпен танымал вагондар бүгінде жүрдек пойыздар құрамында еліміздің түкпір-түкпіріне қатынап жүр. Енді отандық зауыт базасында жолаушылар вагондарының өндірісі қайта жанданып, жаңа еуропалық технологиямен шығарыла бастамақ.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Бұл жолы «DB Engineering&Consulting» ұсыныстары негізінде халықаралық байқаудың нәтижесі бойынша швейцариялық «StadlerBussnang AG» компаниясы топ жарып, Қазақстанда жолаушылар вагондарын шығару жобасы бойынша серіктес деп танылып отыр.

Осы мәселеге қатысты Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен бірлесе отырып, «Stadler» компаниясымен ынтымақтастық мәселелерін талқылады. «Stadler» компаниясына келсек, ол жылжымалы құрам шығарумен 80 жылдан астам уақыт айналысады. Осы ретте,

Stadler вагондарының бірқатар артықшылықтарын атап өткен жөн болар. Біріншіден, вагондарды пайдалану мерзімі 40 жылдық құраса, екіншіден, еуропалық сапа стандартына сай, сондай-ақ, заманауи дизайн, оқшаулау деңгейі және жаңа технологиялар трансферті тағы бар. Мамандар, әсіресе, вагондардың отын бағы көлемінің сыйымдылығы басқа өндірушілермен салыстырғанда жолаушылар пойызының құрамына автономды режимде әлдеқайда ұзақ жұмыс істеуге мүмкіндік беретінін айтып отыр. Жалпы алғанда, вагондардың техникалық сипаттамасы оларды жөндеудің жоспарлы түрлеріне ұзақ уақыт жұмсамай, яғни ағытпай-ақ жөндеу жүргізе беруге болатынын көрсетіп отыр. Құрамдар өз кезегінде үздіксіз тасымалдау процесін қамтамасыз етеді деген сөз.

Атап өтерлігі, елімізде швейцариялық вагондар өндірісін ұйымдастыру үшін жергілікті «Тұлпар» зауыты қызметкерлерінің Stadler зауыттарында біліктілігін шыңдауы жоспарланған. Бүгінгі таңда «ҚТЖ» ұлттық компаниясы «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының қатысуымен қаржыландыру мәселесін пысықтап, валюталық тәуекелдерді азайту бойынша келіссөздер жүргізуде.

Еске сала кетсек, өткен жылдың қараша айында Женевада Қазақстан мен Швейцария президенттерінің қатысуымен инвестициялық дөңгелек үстел өтіп, оның аясында түрлі салаларда бірқатар коммерциялық келісімге қол қойылған болатын. Олардың қатарында «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Stadler арасындағы стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім де бар.

В ПУТИ – ЗА ПЯТЬ ДНЕЙ



Пять дней ушло на прибытие к месту назначения контейнерного поезда, впервые отправленного по сухопутному маршруту из Туркменистана в Китай через Казахстан.

Состав проследовал от станции Акайла до станции Цзиньхуа через пограничные переходы Серхетяка – Болашак и Алтыколь – Хоргос, преодолев в итоге 4 150 километров. Из них 3 450 – по территории Казахстана.

Контейнерный поезд состоял из 42 сорокафутовых контейнеров, грузных гипсом. По словам руководителя АО «KTZ Express» Нурлана Игембаева, в будущем компания планирует увеличить объемы грузопотоков, а контейнерный поезд начнет курсировать по перспективному сухопутному маршруту уже на регулярной основе.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Нұр-Сұлтан

ҚЫТАЙҒА ЖҮК КӨЛЕМІ АРТАДЫ



Қазақстан мен Қытай Халық республикасы арасында теміржол көлігімен жүк тасымалдау көлемі 17% өседі. Бұл туралы теміржол ынтымақтастығы ұйымының кезекті отырысында мәлім болды.

Бейнеконференциялық байланыс режимінде өткен ТЖБҰ-ның (теміржол ынтымақтастығы ұйымы) Жүк тасымалдары жөніндегі комиссиясының отырысы бірқатар уағдаластыққа негіз болды. Оның жұмысына Қазақстан, Вьетнам, Монголия, Ресей, Өзбекстан және Корея теміржол әкімшіліктерінің өкілдері қатысты. Қазақстандық делегацияны «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының маркетинг және жоспарлау жөніндегі орынбасары Еркін Хасенов басқарды.

Кенеске қатысушылар 2022 жылға арналған экспорттық, импорттық және транзиттік жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау көлемдерімен келісті. Жүктерді тасымалдаудың келісілген көлемін орындау жөніндегі техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар қаралды.

Сонымен қатар, ҚР мен ҚХР арасындағы екіжақты кеңес барысында жүк тасымалдау көлемін өткен жылмен салыстырғанда 17,6% арттыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Ұлан ОРАЗ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ
ҚАҢТАР-АҚПАН АЙЛАРЫНДА
ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІМЕН

42 000

ТОННА ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН.

ТХКБ БАҒДАРЫ БОЙЫНША
ӨТКЕН ЖЫЛЫ ТЕМІРЖОЛ
АРҚЫЛЫ

25 000

ЖФЭ КОНТЕЙНЕР
ТАСЫМАЛДАНСА, БИЫЛ БҮЛ
БАҒЫТТА ЕДӘУІР ӨСІМ БОЛАДЫ
ДЕП КҮТІЛУДЕ.

ҚАЗІРГІ ТАҢДА «ЖАС ТЕМІР»
ЖАС МАМАНДАРДЫ ДАМЫТУ
БАҒДАРЛАМАСЫНА

30

АДАМ ҚАТЫСУҒА
ӨТІНІМ БЕРГЕН.

Снегоборьба

КАЛЕНДАРЮ ВОПРЕКИ

С начала зимы работники АО «НК «ҚТЖ» с помощью спецтехники очистили от снега свыше 80 тысяч километров железнодорожных путей и вывезли более 680 тысяч кубометров снега.

Любовь РОВБА,
Нұр-Сұлтан

Календарная зима давно окончена, однако работы у монтеров пути не убавилось. Март практически во всех регионах страны отмечен обильными снегопадами и метелью. За месяц на очистке путей от снега по всему Казахстану были задействованы 31 473 человека, включая 112 работников второй очереди. Совместными усилиями с применением спецтехники очищено 27 391 километр пути и убрано 82 080 кубометров снега.

На прошлой неделе основной удар стихии пришелся на Актюбинское отделение магистральной сети. С 19 по 24

марта к снегоборьбе там привлекли 1 047 человек дневной смены, 825 – ночной, а также 15 работников второй очереди. 1 579 железнодорожников убрали снег в Акмолинском отделении магистральной сети, 1 238 – в Костанайском, 904 – в Павлодарском, 903 – в Карагандинском, 242 – в Семейском. Не обошла стороной непогода южные и западные регионы республики.

Всего по Казахстану за минувшую неделю на очистке путей и стрелочных переводов были задействованы 7 415 человек, из них в дневное время – 3 670 работников, в ночное – 3 730. В этот период всеми видами техники осуществлено 134 выезда, 117 из них – снегоочистительными машинами типа СДПМ, СС,

ФРЭС, МКТ, при этом очищено 7 260 километров пути.

С начала зимы эта цифра составила 80 140 километров пути и свыше 3 000 стрелочных переводов. К снегоборьбе привлекались 141 653 железнодорожника, включая 1 660 работников второй очереди, а также 1 961 единица снегоуборочной и снегоочистительной техники, с помощью которой вывезено 683 325 кубометров снега.

– Снегоуборочной машиной типа СМ-2 сделано 39 рейсов, при этом убрано 12 500 кубометров снега, – проинформировала менеджер департамента пути и сооружений филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Макпал Габулулина.



Дәулет ӘБДІКӘРІМ,
«Қазтеміртранс» АҚ
даму департаментінің менеджері:



ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ ТИІМДІ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІН АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН «ІШКІ КЛИЕНТ» БАҒДАРЛАМАСЫ ӨЗІРЛЕНДІ. ЖӘНЕ ЖҮМЫС ПРОЦЕСТЕРІНІҢ БАРЛЫҚ КАРТАЛАРЫ МЕН БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІҢ РЕГЛАМЕНТТЕРІ БІЗДІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ АИНАЛЫМЫНА ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН. СОНЫҢ АРКАСЫНДА БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ПРОЦЕСТЕРДІ КӨРЕ АЛАДЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТІ ТИІМДІ БӨЛІСЕ АЛАДЫ. ҚАЗІР БІЗ БІРІНШІ КЕЗЕҢДІ АЯҚТАУ ҮСТІНДЕМІЗ.



ДОХОДЫ ПОШЛИ ВВЕРХ

Финансовые показатели АО «KTZ Express» за 2021 год продемонстрировали рекордные темпы роста.

Руслан РАХМЕТОВ,
Нұр-Сұлтан

По итогам 2021 года впервые в истории компании оперативная итоговая прибыль АО «KTZ Express» составила 15,9 миллиарда тенге. Операционная прибыль выросла в два раза и составила 20,7 миллиарда тенге против 9,4 миллиарда годом ранее, следует из отчета компании.

Положительная динамика финансовых результатов компании обусловлена ростом объемов перевозок на фоне сложной работы менеджмента по повышению операционной эффективности и контролю расходов.

Напомним, АО «KTZ Express» является мультимодальным логистическим оператором, оказывающим полный спектр транспортно-логистических услуг. Компанией создаются бла-

гоприятные условия для развития транзитных перевозок с обеспечением комплексного сервиса и взаимодействия с клиентами на маршрутах через Казахстан. К примеру, активно развиваются основные направления регулярного контейнерного сервиса в/из Китая по направлению стран Центральной Азии и СНГ, Европы, Турции с оптимальными сроками доставки от 7 до 16 дней в зависимости от маршрута. Благодаря данным продуктам АО «KTZ Express» эффективно управляет перевозками, контролирует состояние и комплектацию вагонов и осуществляет планирование перевозки железнодорожным, морским, авиа- и автотранспортом.

Фото автора



ГРУЗЫ ИДУТ ПО РАСПИСАНИЮ



Представители казахстанских и бельгийских морских торговых портов высказали намерение об активизации сотрудничества. Международной морской порт Антверпен продолжит перевалку грузов из Казахстана.

Посол Казахстана в Королевстве Бельгия Маргулан Баймухан встретился с вице-президентом международного порта Антверпен Люком Арноутом. В ходе встречи казахстанский дипломат обратился к руководству и оператором морского терминала Бельгии с просьбой не подвергать дискриминационным мерам казахстанские грузы, не являющиеся предметом западных санкций мер.

В свою очередь руководство порта Антверпен заверило, что случаев прекращения перевалки казахстанских грузов не зафиксировано. Кроме того, нет каких-либо решений институтов ЕС и федерального правительства Бельгии по блокировке казахстанских грузов.

– Дополнительно мы проинформируем морских операторов, функционирующих при порте Антверпен об отсутствии ограничительных мер в отношении казахстанских грузов, – отметил вице-президент международного морского порта Антверпен Люк Арноут.

Также Маргулан Баймухан рассказал о возможностях альтернативных маршрутов для минимизации санкционных рисков. Он предложил активизировать сотрудничество между казахстанскими и бельгийскими морскими торговыми портами и организовать онлайн-встречу руководителей четырех портов: Актау, Курык, Антверпен и Зебрюгге.


Айлин БАУРЖАН, Нұр-Сұлтан

АТАДАН МАЛ ҚАЛҒАНША...

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



Маңғыстаулық теміржолшылар биылғы Наурыз мейрамына орай жаппай ағаш отырғызды.



«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген тәмсілді басшылыққа алған жергілікті теміржолшылар мейрам құрметіне сенбілік ұйымдастырып, айналаны тазартып, түбектің қатаң табиғатына төтеп беретін көшеттерді көптеп отырғызды қолға алды. Себебі, құмды дауыл жиі тұратын өлкеде қалқан болар тал-теректің көп болғаны дұрыс екені дау тудырмаса керек.

Мереке күні наурыз мейрамын осындай игі іске арнаған теміржолшылар жылдағыдай киіз үй тігіп, ұлан-асыр тойлауды биыл екінші жыл қалдырып отыр. Оған себеп – әлемді шарпыған пандемия мен қауіпсіздік. Әрбір ұжым жұмыс орындарында дастархан жайып, наурыз көже, құрт пен бауырсақ, қымыз бен шұбат, ірімшік сияқты құнарлы ас-тағамдардан дәм татты. Көпшілікті Ұлыстың ұлы күнімен құттықтаған бөлімше басшысы Н.Ғұбашев ел аман, жұрт тыныш болып, барыс жылында бөлімше өндірістік көрсеткіштерді көтеріп, жоғары нәтижеге жол жеткізеді деп сенім артатынын жеткізді.

Суретті түсірген автор

ЖАУАПСЫЗДЫҚ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ



Темір жол қашаннан аса қауіпті аймақ саналады. Себебі, мыңдаған тонна жүк тиіп алып жүйткіп келе жатқан пойыздың жолына шығу ешкімге де жақсылық әкелмейді. Өкінішке орай, соңғы кезде қауіп-қатерді ескермеу салдарынан опық жегендер қатары көбейіп отыр...



Халықтың барлық тобы үшін ыңғайлы және қолжетімді көлік болған соң пойызды пайдаланушылар қатары керісінше өсе түскен. Соған орай ҚТЖ басшылығы жол табанын сауықтырып, жылдамдығы жоғары жолаушы пойыздарын шығарып, сервисі арттыруға ден қоюда.

Бірақ, темір жол көлігі жылдамдығының артуы жүк тасымалдаушылар мен жолаушылар үшін тиімді болғанымен, жолға шығып жететін төрт түлік мал мен кездейсоқ адамдар үлкен кедергі келтіріп, теміржолшылардың есіл еңбегін зая кетіріп жатқаны да жасырын емес. Ең басты қиындық адамдардың немқұрайлылығы мен жауапсыздығы болып отыр. Ата-ананың бақылауын сезінбеген балалар қауіпті аймақты ойын алаңына айналдыруда. Тіпті вагон үстіне шығам деп бірнеше жасөспірім мерт болғанын неге ұмытпамыз...


Жүріп келе жатқан пойыз машина емес, шұғыл тежегіш бергенмен созылып барып жарты шақырым, бір шақырым дегенде өрең тоқтайды. Жылдамдығы 100-120 км/сағ жүріп келе жатқан пойыз секундына 30 метр жерді жүріп өтетінін ескерсек, жолаушының жолды кесіп өтуіне 5-6 секундтай уақыт кетеді.

Бір қарағанда, станция жолында тұрған вагондар қауіп төндірмейтін сияқты, бірақ оларға 5 метрден кем арақашықтыққа жақындауға, астынан өтуге болмайды. Өйткені станцияда тұрған әрбір вагон жұмыс үстінде тұр деп есептеледі, ол кез келген секундта қозғалысқа түсуі мүмкін. Әсіресе қарама-қарсы бағытталған жылжымалы құрамның арасында қалып қою өте қауіпті, өйткені, бір-біріне қарсы бағытта қозғалған пойыздар тудырған ауа ағыны 16 тоннаны құрайды, ал мұндай жүктеме адамды пойыз астына еріксіз тартып әкетеді...

Жуырда Алматы-2 станциясының бас инженері Бауыржан Шормоқов, қауіпсіздік және еңбек қорғау бойынша жетекші маман, инженер-технолог Әйгерім Қушукова және әскерлендірілген күзет пен желілік полиция өкілдерінің қатысуымен өткен кезекті рейд аясында жақын маңдағы мектептерді аралап, оқушылармен түсінік жұмыстары жүргізілді. Жасөспірімдерге теміржолдағы қауіпті аймақта құлаққап тағып жүруге мүлдем болмайтыны, ең бастысы, темір жолды арнайы белгіленген орындардан ғана өту керектігі, көпір жоқ жерлерде жолды кесіп өтуге арнайы төсемелерді пайдалануға болатыны тағы да ескертілді.

Жауапсыздық жарға жығатынын ұмытпайық.
Жаслан БЕКШЕВ,
Қозғалыс қауіпсіздігі бас маманы,
Алматы-2 станциясы

БІЛІМ МЕН БІЛІК СЫНАЛҒАН КҮН



Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде «Үздік маман» байқауы өткізілді. Оған аймақтағы он станцияның орта буын мамандары қатысты.

Жан ПЕРДБЕК,
Шымкент

Жалпы, жыл сайын бөлімшеде теміржолшылардың біліктілігі мен кәсіби қабілетін шыңдап, мықтыларды анықтайтын «Үздік маман» байқауын өткізу дәстүрге айналған. Оған қатысатын қызметкерлерден ең бірінші кезекте талап етілетіні аяқ астынан туындайтын төтенше жағдай кезіндегі олардың іс-қимылы және теміржолшылардың өз жұмысын сауатты әдіспен іске асыратынын анықтау болмақ.

Еске сала кетсек, мұның алдында өңірлердің бәрінде «Тежегіш башмаққа – ерекше бақылау» және «Үздік вагон құрастырушы» айлықтары өткен болатын. Соның нәтижесінде Шымкент бөлімшесіндегі конкурста станция кезекшілері, вагон құрастырушылар, сигнал берушілер, вагондар қозғалысының жылдамдығын реттеушілер қатысып, өзара бақ сынасты.

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінің бас инженері Ильяс Нұржанов «Үздік маман» байқауының шарттарымен теміржолшыларды алдын ала таныстырып өткен. Бірінші кезеңде қатысушылар іріктелген.

– Барлық станциялар бойынша дауыс беру арқылы көп ұпай жинаған 26 қызметкер байқаудың екінші кезеңіне жіберілді. Олар – 11 станция кезекшісі, 9 вагон құрастырушы, 2 сигнал беруші мен 4 вагондар қозғалысының жылдамдығын реттеуші. Байқауға Арыс, Шымкент, Қазығұрт, Сарыағаш, Түркістан, Текес, Түлкібас, Қызылсай, Қорғасын, Ігілік станцияларының кезекшілері қатысты, – деді Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінің бас инженері И.Нұржанов.

Байқаудың екінші кезеңінде қатысушылар қозғалыс қауіпсіздігіне қатысты 20 сұраққа жауап берді.



Қорытындысы бойынша келесі кезеңге 14 маман өтті. Нақтырақ айтқанда, 5 станция кезекшісі мен 4 пойыз құрастырушысы, 3 вагон қозғалысы жылдамдығын реттеуші, 2 сигнал беруші жоғарыдағы сұрақтарға дұрыс жауап беріп, сыннан сүрінбей өткендер болды. Үшінші тур «Фото бойынша жауабын тап» кезеңінде де қатысушылар үздік атануға барын салды. Дегенмен, сайыстың аты – сайыс, біреу озады, біреу қалады. Қазылар алқасының бағасы бойынша станция кезекшілері арасында барлық сұрақтарға сауатты, дәл жауап беріп, сын тегеурінді жағдайларға төтеп беретін білімі мен біліктілігін танытқан Арыс станциясының кезекшісі А.Еркебаев 1-орынға ие болды. 2-орынды Түлкібас станциясының кезекшісі Н.Отарбаев, 3-орынды Қазығұрт станциясынан М.Козенко жеңіп алды.

Ал пойыз құрастырушылар арасында 1-орын Арыс станциясынан Б.Ермеқбайға, 2-орын Қазығұрт станциясының пойыз құрастырушысы А.Тағабаевқа, 3-орын Сарыағаш станциясының пойыз құрастырушысы А.Отышевқа бұйырды. Вагондар қозғалысын реттеушілер арасында 1-орынды Арыс станциясынан Н.Тұрымбетов, 2-орынды Шымкент станциясынан М.Абдулғафаров, 3-орынды Түркістан станциясынан Е.Нұрматов иеленді. Станцияның сигнал берушілері арасында 1-орынды Сарыағаш станциясының сигнал берушісі Б.Қанаев, 2-орынды Арыс станциясынан Н.Олжахан алды.

Үздік атанған барлық жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар беріліп, бөлімше басшылығы кәсіби мамандарға адал жұмысы үшін алғыс айтты.

Суретті түсірген автор

МАЗАСЫЗ МАУСЫМ: БОСАҢСУҒА ЖОЛ ЖОҚ



Биыл кешігіп келген көктем шығысқа да жетті. Наурыз айы туысымен теміржолшылар үшін су тасқынымен күрес шаралары қарқын алды. Семейліктер үшін бұл ретте қыс бойғы жүргізілген жұмыстар оң нәтиже беруде.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Негізінен Семей магистральдық желі бөлімшесінің аумағы – республика бойынша жауын-шашын мол түсетін әрі өзен-көлшілі және бұлақ сулары көп аймақ. Сондықтан, теміржолшылар үшін жылдың осы мезгілі аса мазасыз өтеді. Оның үстіне теміржол желісі көктей өтетін Абай облысының 8 аумағы еріген қар мен қызылсу басу қаупі аса жоғары аймақ саналады.

Қазіргі таңда Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Айдын Шәукеежановтың жетекшілігімен құрылған арнайы топ су тасқынының алдын алу бағытында жұмыстар жүргізіп жатыр. Осыған дейін арнайы жоспар әзірленіп, атқарылар іс-шаралар пысықталған болатын. Оның ішінде еріген қар сулары суағарлар арқылы көріздерге жіберіліп, желі бойына жақын орналасқан көлдер мен өзендер және су қоймаларының деңгейі тәулік бойы бақылауға алынған.

Бөлімше мамандарының сөзіне сүйенсек, наурыздың 25-і күнгі көрсеткіш бойынша НЖС-6 мекемелеріне тиесілі 440 көпір, 368 құбыр, 181 км арық, 1216 км су жүретін арналар қардан толық аршылып, тазаланған. Сонымен қатар, көктемгі сең жүру және қызылсу тасқынының алдын алып, қажет жағдайда шұғыл жұмылдыру мақсатында қажетті техникалар қазіргі күні толығымен даяр тұр.

– Семей магистральдық желі бойынша су тасқынының алдын алуға бағытталған



жұмыстар биыл да ерте қолға алынды. Мәселен, қазіргі таңда бөлімше бойынша 5 пойыз жасақталды. Бұдан өзге арнайы әзірленген тастар мен темірбетонды ішпақтар бар. Инертті материалдар жеткілікті. Дегенмен биылғы қыста қардың жылдағыдан аз мөлшерде түсуі, қатты аяздың болмауынан жер қабатының тоң болып қатпауы аймақ бойынша қызылсудан келер қауіпті біршама сейілтп отыр. Десек те, көктемнің құбылмалы ауа райы босаңсуға жол бермейді. Қауіп бар, және ол мамырдың соңына дейін сақталады, сондықтан қапы қалмаудың барлық жолын қарастырып, тас-түйін дайындықта отырмыз, – дейді НЖС-6 жол бөлімінің бастығы Қайырғелді Ахметжанов. Мамандардың айтуынша, Семей ЖТ бөлімшесі бойынша су шаю қаупі ең жоға-

ры аумақтар Жаңа-Семей және Аягөз жол станциясының қарамағындағы телімдер екен. Сондықтан, екі жол дистанциясы – ПЧ-40 пен ПЧ-42 жолшыларына елеулі күш түсіп тұр.

Ал, бөлімше қарамағындағы желі бойында жалпы саны 89 қауіпті орын бар. Жекелей тоқталсақ, ПЧ -39-да – 6, ПЧ-40-та – 13, ал Аягөз жол дистанциясы бойынша 20 орын тасқын болуы мүмкін қатерлі аумақтар тізімінде. Сонымен қатар, шығыстағы Защита-Күмістау-Алтай телімдерінде қар көшкіні жүру қаупі әлі де жоғары күйінде қалып отыр. Оның үстіне соңғы тәуліктердегі толассыз қар мен жаңбыр да қырағылықты арттыруды міндеттеп отырған жайы бар. Сондықтан, босаңсуға жол жоқ.

Суретті түсірген автор

ОРТА БУЫН МАМАНДАР ДАЯРЛАЙДЫ



М.Тынышпаев атындағы Ақмола көлік колледжі – Қазақстан теміржолына маңызды 10 сала бойынша мамандар дайындайтын бірегей оқу орны. Логистика және көлік академиясының заманауи талаптарға сай, көліктік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие оқу орны саналатын білім ордасында биылғы жылы теміржол көлігі үшін жаңадан тағы 3 мамандық ашу жоспарлануда.

Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

Сонымен қатар 5 мамандандырылған қысқа мерзімді курс оқыту көзделуде. Колледж теміржолға есеп және аудит, бағдарламалық қамтамасыз ету, электрмен жабдықтау, автоматика, телемеханика теміржол көлі-

гіндегі қозғалысты басқару, темір жолдың тартқыш жылжымалы құрамын жөндеу және техникалық қызмет көрсету, ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану, автомобиль жолдары мен аэродромдарды салу және пайдалану, көпірлер мен көлік тоннельдері, темір жол құрылысы жол және жол шаруашылығы, теміржол көлігінде

тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару салалары бойынша мамандар дайындайды. Ал жаңа оқу жылынан бастап ашылатын мамандықтар қатарында – көліктік логистика, автомобильдер және автомобиль шаруашылығы, вагондар және вагон шаруашылығы салалары бар.

(Соңы 4 бетте)

СТАРТ С ЮЖНОГО НАПРАВЛЕНИЯ



ОСМОТР

В Алматинском регионе стартовал весенний комиссионный осмотр. В течение четырнадцати дней руководители отделения грузовых перевозок, отделения магистральной сети, ревизорского аппарата, предприятий проделают немалый путь на автомотрисах, проверив все подразделения и участки, оценив положение дел, работу станций, разъездов и структурных подразделений.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Осмотр начался со станции Отар. В первый же день были осмотрены 9 станций. Далее маршрут продолжат на участке Жетыген – Алтынкколь, Сарыозек – Уштобе, Уштобе – Матай и Актогай – Достык. Под руководством директора Алматинского отделения грузовых перевозок Нурыма Жаниязова пройдет проверка состояния зданий и сооружений, земляного полотна, пути, переэздов, а также полосы отвода, ревизия противопожарной безопасности. Кроме того, состояние объектов магистральной сети, наличие и действие пожарно-охранной сигнализации, объектов водо- и теплоснабжения, состояние техники безопасности и охраны труда, трудовой и производственной дисциплины.

– Осмотр покажет готовность структурных подразделений к работе в летний период, будут выявлены проблемные вопросы, требующие оперативного решения и определения кратчайших сроков по их устранению, – говорит Нурым Жаниязов.

Большое значение имеют эстетическое состояние станций и разъездов, уровень знаний инструкций, правил, регламен-



тирующих приказов и должностных обязанностей работников, вопросы охраны труда и создание благоприятных условий в коллективах.

Чтобы социальные вопросы не остались без внимания, в состав комиссии вошли профсоюзные работники. Они ознакомятся с условиями труда работников, выполнении пунктов Коллективного договора. В рамках проведения осмотра предусмотрено проведение профилактических бесед с работниками железнодорожного транспорта,

местным населением и учащимися школ. На крупных станциях Отар, Достык, Актогай, Матай, Уштобе и Алтынкколь пройдут узловые совещания со всеми причастными службами.

По итогам весеннего комиссионного осмотра состоится расширенное совещание по выявленным замечаниям по всем хозяйствам, недоработкам с объективной оценкой, также будут отмечены лучшие станции, предприятие, подразделение.

Фото автора

ЗИМНИЕ ХЛОПОТЫ ПОЗАДИ



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

Благодаря слаженной работе монтеров пути, работников механизированного цеха, водителей-машинистов кранов, дорожных мастеров, бригадиров, путейцев Карагандинского региона сбоев в работе и аварийных ситуаций в течение зимы не наблюдалось.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Прошедшая зима в Карагандинском регионе запомнилась обильными снегопадами. В этих непростых условиях железнодорожники слаженно вели работу по своевременной очистке станционных путей, стрелочных переводов, напольных устройств для обеспечения бесперебойного движения поездов.

Дистанциями пути была задействована снегоуборочная техника СМ-2, СДПМ, СДП в количестве 21 единицы, которая в

круглосуточном режиме производила очистку станционных путей и перегонов.

Согласно разработанному Плану по снегоборьбе были вовлечены 325 работников станций и смежных предприятий. Кроме того, разработан и утвержден график дежурства начальников отдела филиала для обеспечения бесперебойной эксплуатационной работы в случае ухудшения погодных условий.

В текущем году хорошие результаты продемонстрировал филиал АО «НК «КТЖ» – «Акадырская механизированная дистанция пути» под руководством Назыра

Косубаева. Ремонтные работы выполнены в Жамбылском Мангистауском, Шымкентском регионах, а также 15 километров на участке Уральского региона.

Несмотря на длительный карантин из-за пандемии, работоспособность коллектива не снизилась. Железнодорожники реализовали заданный объем работы по смене бесстыкового пути по направлению в Хоргос. В это непростое время люди доставлялись к месту работы на служебных вагонах. Таким образом, в короткие сроки ремонтные работы были полностью завершены.

Со слов Назыра Косубаева, сформированный коллектив дистанции пути отличается сплоченностью, ответственностью и стремлением к отличному результату. Таким образом, показатели растут, а количество травматических случаев уменьшается.

– Наиболее приоритетным вопросом на ПЧМ Акадыр является охрана труда. В этом направлении проводится большая работа – онлайн-семинары, выездные мероприятия, внедряются рацпредложения с целью безопасности на железнодорожных путях, – говорит он.

РИЧСТАКЕР ДЛЯ ЭФФЕКТИВНОЙ РАБОТЫ



ТЕХНОЛОГИИ

АО «Кедентранссервис»полнило свой парк новым контейнерным погрузчиком – ричстакером. Обновление крупнотоннажной техники позволит существенно снизить эксплуатационные расходы на терминале станции Достык.

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

Грузоподъемность нового ричстакера (модель Konecranes SMV4644TCX5) – не менее 46 000 килограммов. Особое внимание заслуживает спредер ричстакера – ELMЕ 817 для 20-40-футовых контейнеров. Спредер предназначен для захвата контейнера с помощью поворотных замков, которые фиксируются в угловых фитингах. Благодаря поворотной части спредера погрузчика

Konecranes SMV4644TCX5 груз можно поворачивать на 300 градусов, что очень важно в работе.

В парке крупнотоннажной техники АО «Кедентранссервис» насчитывается 10 ричстакеров. Контейнерные погрузчики Konecranes составляют 80% от этого числа.

Обработка грузов осуществляется в 11 филиалах компании на 15 грузовых терминалах. Обновление парка крупнотоннажной техники позволит снизить эксплуатационные расходы на терминале станции Достык и



сохранить конкурентоспособность на рынке.

Стоит отметить, что АО «Кедентранссервис» уделяет особое внимание безопасности работы оператора контейнерного погрузчика: специалисты по безопасности труда регулярно проводят инструктажи для них и проверяют рабочие места. Красноречиво об эффективности комплексной работы в этом направлении говорит тот факт, что в 2021 году коллектив АО «Кедентранссервис» отработал без производственного травматизма.

Фото автора

ВОДИТЕЛЬ, ОСТАНОВИСЬ И ПОДУМАЙ!



БЕЗОПАСНОСТЬ

В филиале АО «НК «КТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» бьют тревогу. По вине водителей автотранспорта в регионе участились случаи ДТП на железнодорожных путях.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

К примеру, только в феврале текущего года в регионе произошло три дорожно-транспортных происшествия. Причем в одном из них столкновение привело к сходу локомотива. Этот случай произошел на Тобольской дистанции пути, когда грузовой поезд, следуя по прямому участку пути на 964-м километре перегона

Кызылсай – Айтеке би, при скорости 49 километров в час применил экстренное торможение и допустил столкновение на охраняемом, регулируемом железнодорожном переезде с грузовым автомобилем MAN. К счастью, жертв и пострадавших не было. Еще два ДТП по вине водителей автотранспорта произошли в декабре прошлого года.

Как сообщил исполняющий обязанности директора филиала

АО «НК «КТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» Александр Исмухамедов, за 12 месяцев прошлого года в ходе профилактической работы по Костанайскому отделению магистральной сети проведено 532 рейда. С правилами безопасного пересечения переезда ознакомлены 13 207 водителей. Была проведена профилактическая работа на 105 предприятиях, где присутствовали 1 090 че-

ловек. Кроме того, направлено 241 письмо акимам округов, вывешено 23 лозунга, плаката. А уже за два месяца 2022 года проведено 75 рейдов, ознакомлены с правилами 1 654 водителя, проведена работа на 14 предприятиях, направлено 32 письма акимам округов, вывешено 28 лозунгов, плакатов.

– Несмотря на проводимую нами работу, водителями автотранспорта по-прежнему нарушаются правила дорожного движения, не соблюдаются и игнорируются требования безопасности, – говорит Александр Исмухамедов. – В результате нанесен существенный как материальный, так и моральный ущерб. И все это происходит исключительно по вине автовладельцев, что становится явным при разборе происшествий.

ПРИОРИТЕТНЫЙ ГРУЗ

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан



ПЕРЕВОЗКИ

По данным аналитиков, на 1 марта текущего года в Казахстане зарегистрировано около 300 собственников подвижного состава, которые владеют более чем 135 тысячами вагонов. В том числе около 42 тысячи принадлежат АО «Қазтеміртранс».

АО «Қазтеміртранс» (ҚТТ – оператор грузового вагонного парка Республики Казахстан, дочерняя организация АО «НК «Қазақстан темір жолы») обеспечивает практически все перевозки социальных грузов на территории РК, в первую очередь для населения и ТЭЦ.

В текущем отопительном сезоне под перевозки угля АО «Қазтеміртранс» задействовало порядка 72% парка полувагонов, при этом в пик сезона данный показатель достигал уровня 80%.

В конце 2021 года, чтобы избежать срыва отопительного сезона, компания практически все полувагоны направила на перевозку угля.

В настоящее время объем заявок на перевозку социального угля не снизился. Помимо прочего, основная доля перевозимых грузов в вагонах АО «Қазтеміртранс» большей частью представляет собой массовые насыпные грузы, такие как зерно, мука и продукты перемола, руда, минеральные удобрения и цемент.

ДЕЙСТВОВАТЬ НА ОПЕРЕЖЕНИЕ

Анна МАРЬИНА,
Уральск



ПРОФИЛАКТИКА

Линейным отделом полиции (ЛОП) по станции Уральск совместно с военизированной железнодорожной охраной (ВЖДО) проведены оперативно-профилактические мероприятия «Безнадзорник» и «Стоп! Осторожно, поезд!».

В ходе оперативно-профилактических мероприятий с объектов железнодорожного транспорта доставлено 6 безнадзорных несовершеннолетних. Один подросток, житель Кызылординской области, задержан в районе локомотивного депо. Он обучается в Уральске, внятного объяснения, что делал в полночь на железнодорожных путях, не дал. До прибытия его законных представителей помещен в Центр поддержки детей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации управления образования города Уральска.

В общей сложности было организовано и проведено 13 профилактических мероприятий, в том числе 5 лекций в школах и других образовательных учреждениях, а также беседы с пассажирами, в организациях и с местным населением.

В ходе рейдов на железнодорожных путях было выявлено 19 административных правонарушений и вынесены предупреждения по ст. 559 ч. 5 КоАП РК.

ПРОТИВОСТОЯТЬ ВОДНОЙ СТИХИИ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



ВОДОБОРЬБА

До начала разлива Иртыша сотрудники стальной магистрали и ЧС провели совместные рейды по особо опасным местам, которых насчитывается около 30. Сегодня железнодорожники активно готовятся к противопаводковым мероприятиям.

На смену снегоборьбе приходит водоборьба. В этом году весна пришла для железнодорожников выдалась не совсем благоприятной. Февральские осадки выпали в конце марта, поэтому следующий месяц будет требовать бдительности и круглосуточного контроля на опасных участках. Самые подтопляемые территории – железобетонная труба 199-й километр, участок Аксу-1 – Дегелен и пойма реки Иртыш. На этих участках велось круглосуточное наблюдение. По дистанции пути установлено 54 искусственных сооружения: мосты, путепроводы, пешеходный мост, автомобильный путепровод, трубы. Как обычно, по отделению формируются два противоразмывных поезда, в составе которых два крытых вагона для инструментов и спецодежды. Сотрудники стальной магистрали совместно с ЧС и акиматами провели обследование этих объектов. С началом весны установлено наблюдение за поступлением воды на выемках, мостах и трубопроводах.

Объявление

АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» в целях соблюдения гласности, транспарентности деятельности, а также соблюдения баланса интересов с потребителями намерено провести слушание перед потребителями услуг и иными заинтересованными лицами о деятельности по регулированию услугам, относящимся к сфере естественной монополии за 2021 год.

На данном слушании будет освещена информация об основных финансово-экономических показателях деятельности, исполнении утвержденной инвестиционной программы, объемах предоставляемых регулируемых услуг, о проводимой работе с потребителями услуг, постатейном исполнении утвержденной тарифной сметы, о перспективах деятельности и качестве предоставляемых услуг.

АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» включено в республиканский раздел Государственного регистра по следующим услугам:

- магистральной железнодорожной сети;
- подъездных путей;
- по передаче электрической энергии.

Дата проведения: 22 апреля 2022 года в 15.00 (по времени г. Нур-Султан) в формате онлайн-конференции.

Кроме того, сообщаем, что заявки на участие в публичном слушании принимаются до 15.00 21 апреля 2022 года по контактным телефонам 60 37 17, 60 37 18 или на электронную почту Syzdykov_MZh@railways.kz.

ОРТА БУЫН МАМАНДАР ДАЙЫНДАЙДЫ

(Соңы.
Басы 2 бетте.)

Жаңа мамандықтардың ашылуына байланысты жаңа зертханаларды құру және оларды инновациялық жабдықтармен жабдықтау қажет. Студенттер құрылғыларды теориялық тұрғыдан зерттейді, бірақ практикалық тәжірибесі жоқ, сондықтан жұмысқа қабылдау кезінде қиындықтар туындауы мүмкін. Осыған орай колледж зертханаларында станция кезекшісі, дөңес кезекшісі мен пойыз диспетчерінің пульс-таблосын орнату – бүгінгі таңда кезек күтірмейтін мәселе. Сондай-ақ, вагондар мен вагон шаруашылығының зертханаларын жабдықтау қажеттігі де күн тәртібінде.

«Оқу орнындағы болашақ теміржолшылардың өндірістік тәжірибеден өтуіне Қазақстан темір жолы да өз үлесін қосып отыр. «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелері колледждің әлеуметтік серіктестері болып табылады. Жыл сайын әлеуметтік патронаж негізінде шамамен 600 студент практикадан өтеді. Әлеуметтік ынталандырушының 100-ден астам шарты жасалған. Әлеуметтік серіктестік нәтижесінде түлектердің 87% жұмысқа орналасқаны да үлкен жетістік. Сонымен қатар колледж Мәскеу темір жол колледжімен тікелей байланысты жұмыс істейді. Болашақта колледж базасында қолданбалы бакалавриат құру, материалдық-техникалық базаны жақсарту және дамыту, Қазақстанның көлік кешенінің қажеттілігі үшін сауатты және сұранысқа ие кадрлар шығару жоспарда қарастырылған», – дейді Логистика және көлік академиясының қызметкері, техника ғылымдарының кандидаты Амангелді Молжағдаров.



М.Тынышпаев атындағы қазақ көлік және коммуникация академиясының базасында 2007 жылы қайта құрылған оқу орнына биыл 25 мамырда 15 жыл толады. Осы жылдар ішінде теміржол көлігі үшін 4000-нан астам орта буын маман дайындап, теория мен практиканы ұштастырған колледжде дуалды оқыту жүйесі енгізілді. Жоғары кәсіби оқытушылар құрамы, оқу және материалдық техникалық базасы жоғары. Оқу орнында 5 қабатты екі корпус бар. Бас корпусқа оқу аудиториялары мен ағаш өңдеу және слесарлық шеберханалар, зертханалар орналасқан. Студенттерге арналған демалыс бөлмесі, 200 орындық жатақхана, кітапхана, оқу залы және асхана, оқу зертханалары жұмыс істеп тұр. Бұдан бөлек акт және спорт залдары, фрезерлік дөңкерлеу шеберханалары бар. Оқу кабинеттері мен зертханалар қажетті жабдықтармен және стендтермен, көрнекі құралдармен, компьютермен қамтамасыз етілген. Кітапхана қоры – 76,5 мың дана кітап, 40 орындық оқу залы студенттердің игілігінде, шағын футбол алаңы да бар.

– Колледж студенттерін қамқорлығына алып, теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік беретін «ҚТЖ» ҰК» АҚ пойыздарды қалыптастыру жоспарлары мен қозғалыс кестелерін әзірлеу қызметіне, тасымалдау үдерісін үйлестірудің функционалдық бағытының бас менеджері О.Судзареваға, қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры Ж.Жұматаевқа, цифрлық технологиялар директоры И.Савушкинаға, Нормативтік-технологиялық құжаттаманы өзекті етудің функционалды бағытының бас менеджері Д.Айдынбаевқа алғыс айтымыз келеді. Студенттерге практикалық сабақтарды «ҚТЖ» ҰК» АҚ өндірістік бөлімшелерінде колледж оқытушылары мен жоғары білікті мамандар жүргізеді.

Атап айтқанда, Компанияның көлік технологиясы орталығы филиалы, «Вагон-Сервис» АҚ филиалы, Астана байланыс және белгі беру дистанциясы, «Қамқор-Локомотив» Астана локомотив-жөндеу депосы» ЖШС, Астана локомотив пайдалану депосы, Нұр-Сұлтан станциясы, Астана электрмен жабдықтау дистанциясы, т.б. Студенттердің тәжірибеден өтуін ұйымдастырғаны үшін Ақмола колледжінің басшылығы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Астана локомотив пайдалану депосының бастығы Д.Ахмадиевке, Ақмола ЖТ бөлімшесі Нұр-Сұлтан станциясының бастығы Д.Жұмамолдаға алғыс білдіреді. Сонымен қатар Қырқыншы станциясының бастығы А.Черняйға, Қырқыншы станциясы бастығының шұғыл жұмыстар жөніндегі орынбасары Д.Батбановаға, Алматы-2 станциясының бас инженері Б.Шормақовқа, Нұр-Сұлтан станциясының бас инженері Р.Дәрібаевқа, «Вагонсервис» АҚ ЛВЧДР-9 (Астана) директоры Т.Саурбаевқа және жоғарыда аталған кәсіпорындардың басқа да басшылары мен мамандарына алғыс айтамыз, – дейді біршама уақыт білім ошағын берген Амангелді Сәбденұлы.

Жыл сайын колледждің үздік студенттері логистика және көлік академиясының оқу зертханалық базасына барады. Президент-ректормен және профессорлық-оқытушылық құраммен кездеседі, жоғары білім беру ерекшеліктерін зерттеу үшін мамандықты таңдайды, оқушылар арасында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізудің негіздерін зерттейді.

Суреттерді түсірген автор

СЫЙЛАСТЫҚ БАР ЖЕРДЕ ҚИМАСТЫҚ БАР...



ҚҰРМЕТ

Қазалы вагон пайдалану депосының ұжымы екі бірдей майталман маманды зейнет демалысына шығарып салды. Бар саналы ғұмырын депоның өркендеуіне жұмсаған Ізбасхан Құдайбергенов пен Тарғын Орымбаев – қандай құрметке де лайық жандар.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Темірдей тәртібі мен қатаң талабы қатар жүретін теміржол саласында 45 жылдан аса еңбек еткен Тарғын да, Ізбасхан да депо тарихында өз қолтаңбаларын қалдырғаны сөзсіз. Екеуі де бекер «Кәсібі бойынша үздік» атанбағаны да белгілі.

– Біздің қос әріптесіміз – Қазалы вагон пайдалану депосының өсіп-өркендеуіне қолдан келгенше атсалысқан азаматтар. Сонша жылғы ақ-адал еңбектеріңіз бен кейінгі буын жастарды баулып, тәрбиелеудегі тәлімгерліктеріңіз үшін алғысымыз шексіз. Төккен терлеріңіз бен бейнеттеріңіздің енді тек зейнетін көріңіздер. Қырық жыл сыйласып жұмыс істеген ұжым сіздерді қиамастықпен зейнетке шығарып салып отыр. Шаңырақтарыңызға шаттық пен бақыт, отбасыларыңызға береке-бірлік, өздеріңізге ұзақ ғұмыр тілейміз, – деп ұжым атынан қос ардагерге ақ тілегін жеткізген депо бастығы Арғын Орымбаев олардың иығына жауып, құрмет көрсетті.

Бүгіннен бастап зейнеткерлер қатарын толықтырған қос азамат та ұжымдастарына алғыс айтып, ендігі жерде өздері баулып өсірген жастарға, сенім артатындарын жеткізді.



Суретті түсірген автор

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ РЕВАКЦИНИРУЮТСЯ



ВАКЦИНАЦИЯ

В АО «НК «ҚТЖ», по данным на 27 марта, ревакцинировались около 6 700 железнодорожников.

В целом по компании общий процент получивших первый компонент вакцины составил 87,4%, второй – 87,3. Работники магистральной отмеча-

ют, что, хоть пандемия и идет на спад во всем мире, защитить свой иммунитет в весенний период очень важно. Асель ШАЙХЫНОВА, Нур-Сұлтан

Спорт

ЭНЕРГИЯ, ВЕСНА, ПОБЕДА...

Несколько спортивных мероприятий, приуроченных к 30-летию АО «Казпрофтранс», состоялись на предприятиях железной дороги Защитинского узла и в микрорайоне «Защита».



Ольга УШАКОВА,
Оскемен

Представители ФСК «Локомотив», входящего в АО «Казпрофтранс», организовали в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо (ВЧД-24) соревнования по гиревому спорту, армрестлингу и настольному теннису. В турнире по армрестлингу первое место занял старший смотрщик вагонов Самат Капаров, на втором – смотрщик вагонов Ернат Мусанов, а третье – у председателя первичной профсоюзной организации Шалкара Калмакбаева. Победителем теннисного турнира стал Азамат Ерикулы, занявший первое место, на втором месте – Шалкар Калмакбаев, третье место присудили старшему смотрщику вагонов станции Новоустыкменогорск Сагымбаю Дюсембинову.

В гиревом спорте выиграл Азамат Ерикулы. Он 44 раза поднял гири весом 24 килограмма. Как рассказал председатель первичной профсоюзной организации Кумыстауской дистанции пути (ПЧ-38) Виктор Милыц, на этом предприятии провели спартакиаду, в которой участвовали команды как самой дистанции, так и станции Кумыстау. В соревнованиях по мини-футболу первое и третье место заняли спортсмены из Кумыстауской дистанции пути, второе – станции Кумыстау. В настольном теннисе призером стал Александр Гадков. Также железнодорожники участвовали в соревнованиях по армрестлингу и гиревому спорту, которые состоялись во время праздничных гуляний. Победители получили грамоты и денежные призы.

Фото автора

30 КИЛОМЕТРОВ К ЮБИЛЕЮ

26 марта – в день 30-летнего юбилея АО «Казпрофтранс» в столице дан старт праздничному марафону среди работников и ветеранов железнодорожного узла Нур-Сұлтан.

Любовь РОВБА,
Нур-Сұлтан

Организатором онлайн-забега выступил исполком филиала «Астана» АО «Казпрофтранс». – Праздничный марафон проводится с целью укрепления здоровья работников отрасли и дальнейшего внедрения массовой физической культуры и спорта среди железнодорожников, – отметил инструктор по спорту филиала «Астана» АО «Казпрофтранс» Роман Подгатец. Стать участником марафона



могут все работники филиалов и дочерних организаций АО «НК «ҚТЖ», дислоцированных в столице, предприятий, входящих в состав филиала «Астана» АО «Казпрофтранс», и ветераны отрасли, в частности. Марафон стартовал 26 марта – именно в этот день 30 лет назад состоялся первый учредительный съезд, провозгласивший создание отраслевого профсоюза, и продлится до 26 сентября 2022

года. Фиксация результатов будет проводиться при помощи мобильного приложения Strava. Условия марафона подразумевают забеги на дистанции, исходя из физической подготовленности участника. Главное, суммарно преодолеть не менее 30 километров за весь период. – Пробежать дистанцию от одного километра и более можно в любое удобное время и в любой локации населенного

ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Сала кәсіподағының 30 жылдығы құрметіне маңғыстаулық вагон қараушылар арасында шағын футболдан жарыс ұйымдастырылды.



Теміржолшылар үшін жалға алынған «Жеңіс» спорт кешенінде өткен сайысқа Маңғыстау вагон пайдалану депосына қарасты техникалық қызмет көрсету пункттерінің вагон қараушылары қатысты. Бейнеу, Сай-Өтес, Шетпе және Маңғыстау

станциясындағы ТҚКП-нен екі команда қатысқан сайыс қызықты әрі тартысты өтті. Маңғыстаулық вагоншылар а дегеннен қар-

сылас шақ келтірмей, жүдделі бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынды бейнеуліктер алса, сайтестіктер үшінші орынды місе тұтты. Жеңімпаз командаларға кәсіподақ ұйымының атынан қаржылай сыйлық, диплом мен арнайы кубок табысталды. Сондай-ақ, жақсы ойын көрсеткендер де сый-сияпаттан құр қалмады. Маңғыстаулық Бауыржан Құлжабаев «Үздік ойыншы», Асхат Нұрқаниев «Үздік қақпашы», сайтестік Айладыр Садақбай «Сұрмерген», бейнеулік Тұрарбек Ниязов «Үздік қорғаушы», Нұржау Озғанбаев «Ардагер ойыншы» номинациясы бойынша марапатталды. Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау Суретті түсірген автор

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

КАЗКӨЛІККӘСІП

Газет басылатын қалалар:
Нур-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубайбаева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нур-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.